

А. Ж. Бейсенбаев, қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ТЕРРОРИЗМНІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ӨСЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кезде бүкіл дүниежүзін аландатып, үрей туғызып отырған терроризм проблемасының туындауы, оның не себептен болатындығы жайында және адамзат баласының тарихында болған террорлық актілердің бұрын да болғандығы, бірақ оны бүгінгі көріністерімен салыстыруға болмайтындығын ашып көрсету мен дүниежүзінде әлеуметтік теңсіздік, кедейшілік сақталып тұрған жағдайда және ұлтаралық қатынастардағы күрделі мәселелер толық шешілмей жатқан тұста ғаламдық проблемаға айналған терроризммен бірлесіп, ұжымдасып, дүниежүзілік қауымдастық болып күресу туралы ой қозғап, оны жүзеге асырудың жолдарына көз жүгірту болып табылады.

Терроризм — латынша қорқыныш, үрей деген мағына беріп, саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану. Қазіргі заманда терроризм өткір ғаламдық мәселеге айналып бара жатыр. Дүниежүзінде бейбітшілікті ұстап тұру мақсатында құрылған БҰҰ-ын да терроризмнің етек алып бара жатуы қобалжытуда¹.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» деген еңбегінде қазіргі кезде белең алып бара жатқан терроризмнің пайда болуына, таралуына, ғаламдық сипатына жан-жақты талдау жасайды. Сонымен бірге еңбекте Орта Азия аймағында терроризммен бірлесіп күрес жүргізу мен қауіпсіздікті сақтау жолдарын нақтылап айқындайды. «Терроризммен күресті үйлестіру жұмыстары халықаралық деңгейде көптен бері жүргізіліп келеді және бұл ретте, дүниежүзінде бүгінгі таңда терроризмге қарсы әрекет ететін айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Осынау бай да, сонымен бірге пайдалы да тәжірибеден, Террористік Интернационалмен дүниежүзілік қауымдастықтың антитеррористік күресімен бірнеше өзекті стратегияларды саралап шығаруға болады. Менің пайымдауымда, бүгінгі таңда ғаламдық ауқымда терроризмнің қауіп-қатеріне қарсы әрекет ететін институттың ең бір тиімдісі Антитеррористік коалиция болып отырⁱⁱ.

Сонымен қатар терроризм саяси мақсатқа жетудің тәсіліне айналғандығы туралы, Қазақстанда террор жайламаса да, онымен күресудің қажеттігі туралы, діни экстремизм проблемалары, Орталық Азия аймағында діни терроризммен күрес саясаты туралы көптеген ғылыми мақалалар жарияланды: Орталық Азия республикаларында мыңдаған діни құрылымдар қайтадан өмірге келді, теологиялық оқу орындары ашылды. Қазіргі қоғамда діннің дамуы көптеген қайшылықтарға кездесуде. Орталық Азиядағы дін, дінге табынушыларды өз қатарына тарту үшін күресуде. Дүниежүзілік саясатта ислам мемлекеттерінің ықпалы күшеюде»ⁱⁱⁱ.

Ислам адамзат баласына қарсы Америкада да, басқа елдерде де қылмыс жасаған жоқ. Ислам — дүниежүзілік дін. Сондықтанда мұсылман халқының жан-жақты дамуына ықпал етіп отырған дін ешуақытта да терроризм тудырмайды. Дегенмен адамзат баласына үрей, қауіп төндіретін террористік, экстремистік актілермен дүниежүзінің бүкіл мемлекеттері болып күресу қажет.

Осы мақаламды қорытындылай келе Орта Азияда терроризммен күрестің алдын алу шаралары ретінде осы процеске бүкіл қазақстандық қоғамды барынша тарту арқылы сақтандырудың алдын алу, құқықтық және жедел сипаттағы жалпы мемлекеттік шаралар кешенін жүзеге асырсақ деген ойдамын.

ⁱ <http://kk.m.wikipedia.org>

ⁱⁱ Н. Ә. Назарбаев. Сындарлы он жыл. — Алматы, 2003.

ⁱⁱⁱ Н. Ә. Назарбаев. Сонда да.